

=

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

www.kazmkpu.kz

ҚОСЫМША (MINOR) БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

Алматы 2024

=

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Ғылыми Кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылған. (Хаттама № 9, «28» мамыр 2024 ж.)

=

МАЗМҰНЫ

№	Атауы / Наименование / Name	Беті		
		Қазақ	орыс	ағылшын
1	ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ШЕБЕРЛІК			

«ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ШЕБЕРЛІК» ҚОСЫМША (MINOR) БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Кімге арналған: (Minor) «Орындаушылық шеберлік» бағдарламасы Major барлық білім беру бағдарламаларының студенттеріне арналған.

Өзектілігі: Minor «Орындаушылық шеберлік» бағдарламасы оқыту процесінде білім алушыларға еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуға және олардың жеке кәсіби қажеттіліктерін қанағаттандыруға көмектесетін қосымша құзыреттерді алуға мүмкіндік береді.

Негіздеме:

«Орындаушылық шеберлік» бағдарламасы (Minor) мамандығы бойынша базалық және кәсіптік пәндерді білетін педагогты даярлауға бағытталған, тек оқу-тәрбие қызметін ғана емес, сонымен қатар халықтың әртүрлі санаттары арасында мәдени қызмет көрсету бойынша жұмысты ұйымдастырудың және шығармашылық ұжымдардың жұмысын жаңғыртудың жаңа нысандары мен әдістерін жасай алады.

Мақсаты: «Орындаушылық шеберлік» бағдарламасы (Minor) хореографиялық өнердің би дағдыларын үйрену және игеру арқылы білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін өзін-өзі жүзеге асыруға бағытталған.

Бағдарламаның сипаттамасы:

1. Бағдарлама (Minor) 3 пәннен тұрады, әр пән 5 кредит бойынша, білім алушы барлығы 15 кредитті меңгеруі тиіс.
2. «Орындаушылық шеберлік» (Minor) бағдарламасы пререквизиттерді қажет етпейді.
3. Бакалавр дәрежесін алу үшін кредиттер саны кемінде – 240 кредит өзгеріссіз қалады.

Бағдарламаның мазмұны:

Пәннің атауы	Пәннің сипаттамасы	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері
Әлем халықтарының билері	Пәннің мазмұны мыналарды қамтиды: әлем халықтарының билерін оқытудың теориясы мен әдістемесін білу және игеру, әлем халықтарының билері бойынша сабақтар құрастыру және өткізу бойынша теориялық білім мен практикалық дағдыларды жинақтау, педагогикалық, сахналау және репетиторлық жұмыс. Бағдарламаны меңгергеннен кейін студенттер әртүрлі ұлттардың қозғалыстарының лексикасын ажыратады, қимылдардың орындалу әдістемесін меңгереді, қозғалыстардың үйлесімін түсіндіреді және алған білімдерін іс жүзінде қолдана алады.	Білім: - қозғалыстардың терминологиясы мен атауын; - би комбинацияларын құру әдістемесін; - орындау тәсілін және үйретілген бидің мәнерін; Білік: - музыкалық материалды дұрыс таңдауды; - комбинациялар шығаруды, би қоюды; Дағды: - халық биінің хореографиялық
Шығыс биі	Пән шығыс билерін және олардың стилистикалық ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған. Шығыс биінің тарихы мен дамуы. Шығыс биінің бағдарламалық қимылдарын үйрену әдістемесі. Кейіптер, қолдар мен аяқ қалыптары. Шығыс билеріндегі көз жұмысының мәні. Шығыс билеріндегі аксессуарлар мен атрибуттармен жұмыс. Нәтижесінде білім алушылар бүкіл оқу курсы бойынша өткен материал бойынша этюд жасау дағдыларын меңгертін болады.	Білім: - қозғалыстардың терминологиясы мен атауы; - қимылдарды орындау әдістемесі; - орындаушылық тәсілі және үйретілген би қимылының мәнері; Білік: - музыкалық материалды дұрыс таңдау; - комбинациялар шығару, би қою; Дағды: - Шығыс биі қимылдарын орындау техникасымен және оларды іс жүзінде қолдануға дайын.
Қазақ би мұрасы	Пән өткен және қазіргі уақыттағы көрнекті балетмейстерлердің шығармашылығы саласында білім береді. Қазақ би өнерінің көрнекті балетмейстерлерінің мұрасы арқылы студент қойылым жұмыстарының стилистикалық және тән ерекшеліктерін сезінеді. Сондай-ақ, қазақ биін орындау мәнерін, сипатын, бейнелі-эмоционалды мазмұнын, пластикалық мәнерін және стилін сіңіреді. Білім алушы хореографтар жасаған көркемдік және ұлттық құндылықтарға ұқыппен, құрметпен қарауға тәрбиеленеді.	- белгілі балетмейстерлердің шығармашылық жолын біледі; - Қазақстанның көрнекті балетмейстерлерінің би композицияларын орындай және көрсете алады; - хореографиялық композициялық шығармалардың ұлттық құндылығын практикада қолданады және насихаттайды; - балетмейстерлердің идеялық-көркемдік мақсаттары жас ұрпақты рухтандырады.